«КАРАТ-Z» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «КАРАТ-Z»

Қазақстан Республикасы,ОҚО, Ордабасы ауданы,
Темірлан ауылы,
Қажымұқан көшесі № 47,БСН 020940003169
Тел/Факс: +7 (700) 640-70-70
E-mail: send_quickly@mail.ru

Республика Казахстан,ЮКО,Ордабасинский
район,с.Темирлан,
ул Кажимухана №47,БИН 020940003169
Тел/Факс: +7 (700) 640-70-70
E-mail send_quickly@mail.ru

исх№:28
дата:15.03.2019 год

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Ішкі мемлекеттік аудит комитеті төрағасы
Ахметов Азамат Қуатұлына

Мемлекеттік сатып алулар аясында.

Құрметті,Азамат Қуатұлы, біз «Карат-Z»ЖШС-гі **"САЙРАМ АУДАНДЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ БӨЛІМІ"** ұйымдастырған, конкурс № 2981246-1,атауы: **ОҚО, Сайрам ауданы Құтарыс ауыл округі, Қызылжар ауылы елді мекендерді сумен жабдықтау жүйелері** жұмыстары бойынша конкурстық комиссия мүшелерінің мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру процессінде кеткен заңсыздықтарға келіспеушілігімізді білдіреміз.

Аталған конкурстық құжаттаманың 1-қосымшасына сай аталған жұмыс түріне ұқсас 2-жыл жұмыс тәжірбиесі болуы біліктілік талаптары қойылған болатын.

Және де,комиссия мүшелері 27.02.2019 жылғы алдын ала рұқсат беру хаттамасына сәйкес, және 13.03.2019 жылғы қорытындылар туралы хаттамада мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасында қарастырылмаған себептерді негізге ала отырып заңсыз іс-әрекетке барған.

Атап айтсақ 2-жыл жұмыс тәжірбиесі болуы біліктілік талаптарын айқындау барысында **жұмыс тәжірбиесі 2-жылға жетпейтін әлеуетті өнім берушіге рұқсат беріп**, **2-жыл жұмыс тәжірбиесі бар әлеуетті өнім берушілерді заңсыз конкурстан шеттеткендігін** төмендегіше баяндаймын:

1.Қорытындылар туралы хаттамаға сәйкес, жалғыз «СИН»ЖШС-гі біліктілік

талаптарына сай деп танылған.Аталған әлеуетті өнім берушінің өтініміндегі ұсынылған құжаттарын зерделеу барысында біліктілік туралы мәліметтерінде жұмыс тәжірбиесі ретінде:

- 2013 жылы: *Строительство водоснабжения поселка Жалын и ул. Жанакурылыс с/о Жулдыз Сайрамского района ЮКО*-**нысанын қосалқы мердігер ретінде орындаған**
- 2016 жылы: Строительство водопроводных сетей сетей в селе Сырдария с/о Кожатогай,города Арысь, ЮКО-**нысанын қосалқы мердігер ретінде орындағаны анықталды.**

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларымен айқындалған Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаның (*Біліктілік туралы мәліметтер*) Ескерту бөлігінің 13-тармағының 1-тармашасында: ***Егер жұмыс тәжірибесінің болуы* біліктілік талабы болып *табылған жағдайда, қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі жиынтықта мынадай шарттар сақталған кезде ескеріледі:*** бір жылдың ішінде **қосалқы мердігер ретінде орындалған жұмыстардың кемінде екі объектісі болған кезде** бір жыл жұмыс тәжірибесі беріледі. Жылына орындалған жұмыстардың екі объектісінен көп жұмыс тәжірибесі болған кезде, бір жылдан көп жұмыс тәжірибесін беруге жол берілмейді-деп айқын көрсетілген.Алайда комиссия мүшелері аталған қағиданы ескермей, **«СИН»ЖШС-гін бір жыл ішінде** қосалқы мердігер ретінде 1-ғана нысан орындағанына қарамастан, 2-жыл жұмыс тәжірбиесі бар деп санап, заңсыз біліктілік талаптарына сай деп танып отыр.

2.Бар мердігер ретінде 2-жыл және одан көп жұмыс тәжірбиесі бар,тиісті құжатарды толық ұсынған әлеуетті өнім берушілерді конкурстан заңсыз шеттетіп отыр.

Атап айтсақ: "**Жылуэнерго ремонт"ЖШС-гі** және **"Жигита"ЖШС-гі.** Аталған әлеуетті өнім берушілер жұмыс тәжірбиесін растайтын,қағидамен айқындалған растаушы құжаттарын толық ұсынған.Және де қағиданың 150-тармағына сай біліктілк талаптарына сай деп танымауға ешбір негіз жоқ.

3.Комиссия мүшелері біз, яғни «Карат-Z»ЖШС-гінің өтінімін қарау барысында мемлекеттік сатып алу заңың өрескел бұзып алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілмеген негіздері қорытындылар туралы хаттамада төмендегіше көрсеткен:

Установления факта несоответствия квалификационным требованиям на основании информации, содержащейся в документах, предоставленных потенциальным поставщиком для подтверждения его соответствия квалификационным требованиям: - несоответствие потенциального поставщика квалификационным требованиям в части обладания опытом работы на рынке закупаемых товаров, работ, услуг, наличие которых установлено в конкурсной документации (опыт 2 года). Текст разъяснение приложены вкладке. Представленное информация

об опыте работе строительства водопроводных путей не были учтены связи с не указанием необходимых сведении (данных) соответствии приложении 5, а именно не заполнены данные указанных в пункт 2 «Наименование, дата и номер подтверждающего документа». По аналогичному вопросу было представлено разъяснение в блоге Министра финансов РК Султанова Б.Т. в сайт e.gov открытый диалог. В ответе указывается, что потенциальный поставщик в своей заявке должен представить сведения о квалификации в соответствии приложению 5 к конкурсной документации, с указанием необходимых сведений. С разъяснением можно, ознакомится на сайте dialog.egov.kz, номер обращения 495161. - А так же в пункте 2 приложение 5 по объекту «Строительство водоснабжении поселка Кокарал Ордабасинского района 2010г.» неверно указано наименование заказчика, в формах 2,3 заказчикам является ГКП «Темирлан» Ордабасынскго райнного Акимата. Акты приемки выполненных работ представлены не полностью, (июль, август, сентябрь). - В пункте 2 приложение 5 по объекту «Строительство водоснабжения села Колтоган Ордабасинского района 2011г.» не верно указано стоимость объекта по гос. приемке №84 от 20.11.2011г. По акту гос.приемки начало и конец СМР указано июнь-октябрь 2011г., а формы 2,3 представлены апрель-ноябрь 2011года. А также общая стоимость по формам 2,3 не сходится в суммой указанной в акте гос.приемки. - В пункте 2 приложение 5 по обекту «Строительство водопровода и веток подключения разводящих сетей микрорайона Достык г. Шымкент 2012г.» не верно указано стоимость объекта по гос. приемке №718 от 25.12.2012г. По акту гос.приемки начало и конец СМР указано май-ноябрь 2012г., а формы 2,3 представлены май-декабрь 2012года. А также общая стоимость по формам 2,3 не сходится с суммой указанной в акте гос.приемки. Таким образом связи с тем что опыт работы является в данном конкурсе квалификационным требованием, заявка потенциального поставщика является не соответствующем требованием конкурсной документации. ;-деп негізге алып отыр.

Алайда аталған заңсыз негізбен мүлдем келіспейміз. Себебі конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасының ескерту бөлігінің 3-тармағына сай: *Егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу болып табылған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады.*- деп айқын көрсетілген. Біз,яғни «Карат-Z»ЖШС-гі, қағидамен айқындалған растаушы құжаттарыды ұсына отыра, біліктілік туралы мәліметтерінде 3-жыл жұмыс тәжірбиесін толық ұсынғанбыз.Комиссия мүшелері қағиданың 150-тармағында қарастырылмаған заңсыз негіздермен біліктілік талаптарына сай емес деп танып отыр.Оған қоса **<u>қорытындылар туралы хаттамада көрсетілген негіздер</u>** , алдын ала рұқсат беру хаттамасында ашық көрсетілмеген.Аталған іс-әрекет қағинадың 137-тармағына қайшы келеді.(*Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайта қараған кезде, әлеуетті өнім берушілерді, конкурстық комиссияның алдын ала рұқсат беру хаттамасында көзделмеген негіздер бойынша қабылдамауға жол берілмейді.*).

Оған қоса "Строи.ком "Прогресс" ЖШС-гі жұмыс тәжірбиесі ретінде 2009 және 2010 жылдары әр жылға бір ғана нысаннан қосалқы мердігер ретінде орындаған. "Строи.ком "Прогресс" ЖШС-гін конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасының ескерту бөлігінің 13-тармағының 1-тармашасына сай,2-жыл жұмыс тәжірбиесі

бойынша біліктілік талаптарын сай емес екендігін хабарлаймыз.

Жоғарыда баяндалған заңды негіздерге сүйене отыра,кешенді егжей тегжейлі камералдық бақылау жүргізіп:

«**Карат-Z»ЖШС-гінің 3-жыл жұмыс тәжірбиесін есептеп біліктілік талаптарына сай деп тануды,**

Жылуэнерго ремонт"ЖШС-гі және **"Жигита"ЖШС-гінің жұмыс тәжірбиесін қағидаға сай есептеп,біліктілік талаптарына сай деп тануды,**

«СИН»ЖШС-гің конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасының ескерту бөлігінің 13-тармағының 1-тармақшасына сай,**2-жыл жұмыс тәжірбиесі болмауына байланысты**,біліктілік талаптарына сай емес деп танып, конкурстан шеттетуді,

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаға жоғары көрсетілген заңды дәлелдерді көрсете отыра, аталған заң бұзушылықтарды жоюға ықпал етуіңізді сұранамын.

Камералдық бақылау жүргізу барсында, әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптары бойынша растаушы құжаттарын өтінімге ұсынылған құжаттар шеңберінде қарауыңызды ескертеміз.

Аталған арызымыз заңды шешімін таппаған жағдайда,құзыретті органдарға шағымдана отыра,сот органдарында өз құқығымызда қорғайтынымызды қатаң ескертеміз.

"Карат-Z"ЖШС-гі "
директоры **Нупбаева Ж.Д**
ЭЦП подпись.